

		болуы (№R.06.X.KZ34VWF00046300 Берілген күні:16.08.2021) № ҚР ДСМ-76-бұйрықпен бекітілген ауыз су бұрқақтарының болуы; 2022 жылдың қаңтар айында сертификатталған 2 дана тазартылған су бұрқақтары асханаға орнатылды.Қазіргі таңда аппараттар жұмыс жасап тұр. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің "Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 141 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15131 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 141 бұйрық) сәйкес медициналық қызметке лицензияның немесе балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарттың болуы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 10-қосымшасына сәйкес келеді. «Медициналық қызмет көрсетудің болуы,оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер» кестесі толтырылған. Жаңаөзен қаласы №6 ЖББМ Маңғыстау облысының Денсаулық сақтау басқармасынан ЛП лицензия № ЛП00391DE Берілген күні:17.02.2021 берілген. Білім беру ұйымдарының ҚР-сы БжҒМ-нің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жабдықталған. 1 сынып білім алушыларына жеке пайдалануға жабдықталған шкафтар қарастырылған.Барлығы 75 дана ,300 оқушыға арналған. ҚОРЫТЫНДЫ: Талапқа сәйкес келеді
6	Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор	Оқыту нәтижелеріне бағалана отырып, білім беру мазмұны өлшемшарттар Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беруқызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтауы Талдау нәтижелері: Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 17-қосымшасына сәйкес «Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер» кестесі толтырылған. Жаңаөзен қаласы №6 ЖББМ барлық кітаптар саны- 47 695 (әдістемелік оқулықтар-285, көркем әдебиеттер-13 167, дидактикалық материалдар -38, оқулықтар – 33 524, электрондық оқулықтар саны -681. Ғаламтор орнатылған, интернет жылдамдығы-38.8мб/с. Үлесі -90% (46балл) ҚОРЫТЫНДЫ: Талапқа сәйкес келеді
7	Білім алушыла	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық

**рдың
білімін
бағалау**

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тексеру

Талдау нәтижелері:

2025-2026 оқу жылында «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-ші тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) сәйкес білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі белгіленді.

Қорытынды аттестаттау 9 сынып алушылары 4 пәннен, 11 сынып білім алушылары 5 пәннен өткізілді. «2025-2026 оқу жылының аяқталу және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес 2025-2026 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында ұйымдастырылған.

Бағаланатын оқу жылдарында білім алушыларға қорытынды баға қою кезінде олардың тоқсандық (жартыжылдық) және жылдық бағалары ескерілген. 9 және 11 сыныптарда пәндер бойынша қорытынды аттестаттау өткеннен кейін Комиссия білім алушыларға ұпайларын және емтихан бағаларын қойып оларды осы Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі оқу курсы емтиханының қағаз және электронды хаттамасына енгізген. Хаттамаларының көшірмелері бар. Жаңаөзен қаласы №6 жалпы білім беретін мектепте білім алушылардың тілдік емес пәндер бойынша бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау өлшемшарттары оқу материалын меңгерудің білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейлерін, тілдік пәндер бойынша бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау өлшемшарттары оқу материалын меңгерудің тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым деңгейлерін бағалауға негізделген. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылған. 2025-2026 оқу жылындағы талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеу барысында, әр мұғалім бағаланатын оқушы санын өзі анықтап, қалыптастырушы бағалау нәтижелерін күн сайын mektep.edu.kz-ке ұпай түрінде қойып отырған.

Қалыптастырушы бағалау үшін ең жоғары ұпай 2-11 сыныптарда 10 ұпайдан аспайды. 2-11 сыныптарда бөлім және тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу кезінде қойылатын талаптарға сай бағалау жұмыстары жүргізілген.

ҚОРЫТЫНДЫ: Талапқа сәйкес келеді

4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау

Талдау нәтижелері:

Бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері (кесінділері)

Р/с №	Сыныбы	Тізім бойынша журналдағы оқушылар саны	Нақты қатысқан оқушылар саны	Бағалар саны «5»	Бағалар саны «4»	Бағалар саны «3»	Бағалар саны «2»	Орташа балл	Оң бағалар %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	4 сынып	155	149	7	54	70	18	14	87,9%
2	9 сынып	138	130	5	16	67	42	25	67,6%

Үлесі 4 сынып-87,9% (3 балл)

Үлесі 9 сынып-67,6% (3 балл)

ҚОРЫТЫНДЫ: Талапқа сәйкес келеді

Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушыларының сауалнамасының нәтижелерін талдау

Талдау нәтижелері:

4, 9 сыныптарының ата-аналары мен білім алушылар сауалнамаға қатысып, білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейі анықталды. Маңғыстау облысы білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№6 жалпы білім беретін мектебіндегі» сауалнама нәтижелері:

сыныбы	Барлық оқушы саны	Қатысқан оқушы саны	Сауалнама нәтижесі	балл
4 сынып	155	139	89,6%	3 балл
9 сынып	138	117	84,7%	3 балл
	293	256	87,3%	3балл

4-9 сынып ата-аналары

сыныбы	Барлық ата-ана саны	Қатысқан ата-ана саны	Сауалнама нәтижесі	балл
4 сынып	155	124	80%	2 балл
9 сынып	138	112	81,1%	3 балл
	293	236	80,5%	3 балл

Жалпы мұғалімдер саны:113

Сауалнамаға қатысты:102

Нәтижесі:90,2 % (4 балл)

		ҚОРЫТЫНДЫ: Талапқа сәйкес келеді
9	Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары	Оқу жетістіктерін басшылыққа ала отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптар толық орындалуда: • білім алушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға, олардың жан-жақты қалыптасуына және кәсіби бағдарлануына жағдай жасалған; • оқушыларға сапалы білім беру мақсатында педагогтердің тиімді жұмыс істеуіне қажетті мүмкіндіктер қарастырылған; • білім беру үдерісін ақпараттық және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету белгіленген талаптарға сай ұйымдастырылған. Мектеп заманауи компьютерлік техникамен жабдықталған. Қызметкерлер мен білім алушылар үшін интернет желісінің ресурстарын пайдалану мүмкіндігі қамтамасыз етілген; • білім беру саласындағы ғылыми-әдістемелік және инновациялық жұмыстарды жүзеге асыруға бағытталған педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жүйесі жолға қойылған; • педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жұмыстары бекітілген жоспар негізінде жүйелі түрде жүргізіледі.
10	Қорытынды	• Оқу-тәрбие үдерісі мен әдістемелік қызмет Қазақстан Республикасының білім беру саласын реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарға, мектеп Жарғысына, білім беру қызметін жүзеге асыруға берілген лицензия талаптарына және ішкі нормативтік актілерге сәйкес ұйымдастырылады. • Мектептің жұмыс оқу жоспары толық көлемде орындалуда. Сабақ кестесі мектеп басшысы тарапынан бекітіліп, ата-аналар қауымдастығының кеңесімен келісілген. • Инварианттық компонентке кіретін жалпы білім беру пәндерінің базалық мазмұнын меңгеруге бөлінген оқу сағаттары толық игерілді. • Білім алушылар үшін қолайлы әрі қолжетімді білім беру ортасы қалыптастырылған. Оқушылар түрлі іс-шараларға, спорттық секцияларға және вариативтік компонент аясындағы курстарға кеңінен қатысады. • Педагогикалық ұжым тұрақты құрамнан тұрады және жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленеді. Педагогтердің біліктілігін арттыруға арналған перспективалық жоспар әзірленіп, жүйелі түрде іске асырылуда. Әдістемелік жұмыстар педагогикалық шеберлікті жетілдіруге бағытталған. Ұжымда жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқан. • Мектепшілік бақылау оқу-тәрбие жұмысының барлық бағыттарын қамтиды. Бақылау барысында қазіргі кезеңнің және болашақтың

	Ұсыныстар	талаптарына сәйкес келетін өзекті мәселелер айқындалып, оларды шешу жолдары қарастырылады. • Білім сапасын арттыру және дер кезінде түзету жұмыстарын жүргізу мақсатында оқушылардың оқу жетістіктері тұрақты түрде бақылауға алынып, талданады. • Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыс тиімді нәтиже көрсетуде. Білім алушылар аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі байқаулар мен олимпиадаларға қатысып, жоғары жетістіктерге қол жеткізуде. • Тәрбие жұмысы тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін дамытуға және оның қоғамға бейімделуіне бағытталған. • Үйірме және факультатив сабақтарымен қамту деңгейі жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілген. • Ақпараттық-кітапханалық қор мектеп қаражаты есебінен толықтырылып отырады. Жаңа буын оқулықтарының түсуіне байланысты кітап қорының көлемі жыл сайын артып келеді. Оқушылар оқу бағдарламаларына сәйкес қажетті оқу және энциклопедиялық әдебиеттермен толық қамтамасыз етілген. Осылайша, мектептің өзін-өзі аттестаттау қорытындылары білім беру ұйымы ұсынатын қызметтердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес келетіндігін дәлелдейді. 1. Мектепшілік бақылау нәтижелері негізінде анықталған мәселелер бойынша нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеп, оның орындалуына тұрақты мониторинг жүргізу. 2. Білім сапасын арттыру мақсатында оқу жетістіктеріне жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жоюға бағытталған түзету жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру. 3. Дарынды және талантты оқушыларды қолдау жұмыстарын жетілдіріп, олардың ғылыми жобаларға, пәндік олимпиадаларға және зияткерлік байқауларға қатысу аясын кеңейту. 4. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу аландарын, әдістемелік семинарлар мен коучингтерді тұрақты өткізу. 5. Тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру үшін ұлттық құндылықтарға, патриоттық тәрбиеге және құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды күшейту. 6. Үйірме және факультатив сабақтарының мазмұнын білім алушылардың сұраныстары мен қызығушылықтарына сәйкес
--	-------------------------	--

	жанартып, олардың қатысу белсенділігін арттыру. 7. Кітапхана қорын заманауи оқу, ғылыми-танымдық және цифрлық ресурстармен толықтыру жұмыстарын жалғастыру. 8. Білім алушылардың оқу сауаттылығын дамыту мақсатында кітап оқуды насихаттау жобалары мен іс-шараларын жүйелі түрде ұйымдастыру. 9. Ата-аналармен серіктестік жұмыстарды жетілдіріп, оқу-тәрбие үдерісіне олардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету. 10. Білім сапасы мен тәрбие жұмысының нәтижелілігін арттыру мақсатында мониторинг қорытындыларын педагогикалық кеңестерде тұрақты қарастырып отыру.
--	--

Жаңаөзен қаласы №6 жалпы білім беретін мектептің №7 педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес

- «Аттестатталды»

Білім беру ұйымының өлшегіштер бойынша қорытынды бағасы:

- «жақсартуды қажет етеді» - 44 балл

Комиссия төрағасы: Алмаганбетов Маді Полатович

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Күні: 17.06.2026

Комиссия мүшесі: Аманова Роза Джаумтбаевна

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Күні: 17.06.2026

Комиссия мүшесі: Тұрсынбаева Аккубаш Байрамовна

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Күні: 17.06.2026

Комиссия мүшесі: Иманкалиева Айнур Бакытжановна

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Күні: 17.06.2026

Комиссия мүшесі: Сарсенбаева Камила Сундетбаевна

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Күні: 17.06.2026

